№29 (8181)
24 шілде
БЕЙСЕНБІ,
2025 жыл

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

# Кең Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады

www.facebook.com/kenzhyloi
ken_jyloi_gazeti

* Экология

## ТЕҢІЗДЕГІ ЖАҢА АРАЛ





**Жақында әлеуметтік желіден Каспий жағалауында орналасқан бір кен орнында жұмыс жасайтын жұмысшының бейнебаяны тарады. Онда биік бөгет үстінен түсірілген сюжеттен теңіз суының жағалаудан бірнеше шақырым қашықтыққа тартылып кеткенін көруге болады.**

Расында да осыған дейін ресми бұқаралық ақпарат құралдарының сайтында Каспий теңізінің соңғы кездері тайызданып бара жатқаны жөнінде ақпараттар беріле бастады. Тіпті, теңіздің солтүстік бөлігінен жаңа аралдың пайда болғаны туралы хабар жарық көрді. Зерттеушілер бұл теңіздің тайыздануының тағы бір дәлелі екенін айтып отыр.

Айталық, otpannews.kz. сайты Ресей ғылым академиясының Океанология институтының солтүстік Каспийде жаңа аралдың пайда болғанын растайтынын жазады. Ол Малый Жемчужный аралынан оңтүстік-батысқа қарай 30 шақырым қашықтықта орналасқан екен.

***- Океанология институтының мамандары экспедиция жасап, аралға жақындады. Бірақ олар судың тайыздығы салдарынан және ауа райының қолайсыздығына байланысты аралды зерттеу жұмысын жүргізе алмады. Дегенмен квадрокоптерден түсірілген фотосуреттер онда құрлықтың бар екенін дәлелдейді,***- деп жазады Ресейдің Океанология институты.

Зерттеушілердің алдағы болжамына сүйенсек, онда Каспий деңгейінің төмендеуі жалғаса беретін көрінеді. Бұл жаңа аралдың бірте-бірте құрғап, аумағының ұлғаюына себеп болады дейді. Ондағы мамандар, аралдың пайда болуы алаңдаушылық тудыратын құбылыс деп бағалап отыр.

***- Жаңа аралдың табылуы – Каспий теңізінің тартылып бара жатқанының тағы бір кезекті дәлелі. Тереңдіктің азаюына байланысты жаз айларында су қатты қызады. Соның нәтижесінде көп аумақтар суасты жануарларының тіршілігіне жарамсыз болып қалады. Егер авандельтадағы тартылу үдерісі осы қалпында жалғаса берсе, балық шаруашылығы орасан зор аумағынан айырылады. Ал балықтардың қоректенетін бөлігі оңтүстікке қарай жылжи береді. Бұл жағдай экологияға өзгеріс әкеледі,***-дейді Океанология институтының ғалымдары.

Жалпы бұл құбылыс Каспий қайраңынан қара алтынның өндірілуіне байланысты болуы мүмкін деген де болжам айтылуда. Оның үстіне, Каспийге құятын Жайық секілді үлкенді және кіші өзендерден құйылатын су ағындарының азаюы да теңіздің тез тартылуына себеп.

**Е.ҚОШАҚАНОВ**

* Төтенше жағдай

## БЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮЙҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ




©Коллаж авторы: С.КОШЕКОВА

**Осыдан екі ай бұрын Құлсары қаласының орталығындағы «Ниет» жанар-жағармай құю бекетінде орын алған жойқын жарылыс жылыойлықтардың әлі есінде. Өндірістік апат салдарынан ерлі-зайыпты екі жұмысшы-қызметкер қаза тауып, 14 адам дене жарақатымен ауруханаға түсті. Соңы әлі күнге ем алу үстінде.**

Оқиғадан бірнеше күн өткеннен кейін марқұмдардың ұлы тиісті құзырлы органдарға, блогерлер мен облыстық бұқаралық ақпарат құралдарына жүгініп, «Ниет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшыларының үстінен шағым түсірді. Жоғарғы инстанцияға дейін арыз түсірді.

Нәтижесінде тергеу жұмыстары жанданып, жақында жанармай құю бекетінің директоры сот шешімімен қамауға алынды. Яғни, тергеу соты күдіктіге қатысты үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялады.

Екі айға тарта уақыт өтсе де әзірге жарылыстың нақты себебі ресми түрде жарияланған жоқ. Әйтсе де бұған дейін Төтенше жағдай департаментінің өкілдері газдың сыртқа шығуы мен ұшқыннан тұтану нұсқасын айтқан еді.

Тергеу амалдары жалғасып жатыр.

**Өз тілшімізден**

* Спорт

**Әр саланың өзіне тән жолы, қиындығы мен қызығы бар. Ол сәт сайын дамып, өзгеріп, өзіндік ерекшелігімен дараланып тұрады. Ал спорттың сара жолы жас ұрпақты жігерлендіріп, әлемдік ареналарда еліміздің атын әйгілі ететін маңызды салаға айналды. Чемпиондардың жеңісінің арқасында көк байрағымыз желбіреп, төбеміз көкке жетіп жүр.**

## Түркия турнирінде топ жарған Еркеназ

Міне, дәл осындай қуаныш пен мақтаныштың бір көрінісі – биылғы жылдың шілде айының 5-і мен 7-сі аралығында Түркия елінің Измит қаласында өткен халықаралық жарыстарда көрініс тапты. Жылыойлық жас спортшылар да бұл дүниежүзілік дүбірлі додадан шет қалмай, ерекше белсенділік танытты.

Атап айтқанда, Еуропа Кубогында 38 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Мансұр Мұбарак ІІІ орынды жеңіп алып, қола жүлдеге ие болды. Еліміз үшін жеңіс жалғыз мұнымен шектеліп қалмады. Жарыстың үшінші күні Түркияның Измит қаласында ұйымдастырылған Емре Озған атындағы халықаралық турнирге 18 елден 1500-ге жуық дзюдошы қатысқан еді. Осы ауқымды әрі тартысты турнирде Қазақстан намысын абыроймен қорғап, ел сенімін ақтаған жылыойлық өрендер де жеңістің биік тұғырынан көрінді. Соның бірі - аудандық №1 Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірті Еркеназ Қойлыбай. Ол барлық қарсыластарының арқасын жерге тигізіп, жүлделі І орынды қанжығасына байлады. Шын жүрегімен шын қуана білген Еркеназдың әкесі Жеңіс Қыраубаевтың қуанышында шек жоқ.

***- Қызымның дүниежүзілік дүбірлі додада жеңіске жетуі – тек отбасымыз үшін ғана емес, аудан үшін де үлкен қуаныш. Еркеназды жоғары деңгейде дайындап, шеберлік әдістерін үйретіп, физикалық тұрғыда шыныңтырған жеке бапкері Әбіл Мейрам ағайының еңбегі зор. Осы сәтті пайдаланып қызымның халықаралық аренада бақ сынауына мүмкіндік беріп, демеушілік көрсеткен “ДАЛАРО” мекемесінің басшысы Р.Сембиевке, жеке кәсіпкерлер Қ.Қуанышев, Б. Қорқытов, Б.Сұлташев, С.Доржиков сынды басқа да жанашыр азаматтарға шын жүректен алғысымызды айтамыз!***- дейді чемпионның әкесі.

Еркеназ Қойлыбайдың жеке бапкері Мейрам Әбіл халықаралық жарысқа қатысқан балаларға қолдау білдіріп, демеушілік көрсеткен Омар Қалмұрзиев мырзаға алғысын жеткізді.

Расында жылыойлық Мансұр Мұбарак, Еркеназ Қойлыбай мен Айша Нұрланқызындай өрендеріміздің




Ал 28 кг салмақта белдескен Айша Нұрланқызы жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Жас спортшылардың бұл жетістігі – табанды еңбек пен үздіксіз жаттығудың, сондай-ақ жаттықтырушылар еңбегінің нақты нәтижесі. Айталық, Еркеназ Қойлыбайды баптаған жеке бапкері Мейрам Әбілдің еңбегі ұшан-теңіз. Спортшыларымыз тек Жылыойдың ғана емес, бүкіл Қазақ елінің намысын абыроймен қорғап, халықаралық аренада көк байрағымызды көкке көтерді.

Әсіресе осы турнирде қызының әр белдесуін бірге уайымдап, оның жеңісі жеңісі тек Жылыой жұртшылығы үшін ғана емес, тұтас Қазақ елі үшін үлкен мәртебе. Бұл жас буынның қайсарлығы мен талантының, спорт саласына көрсетілген қолдаудың нақты жемісі.

Айта кету керек, Айша Нұрланқызының жаттықтырушысы әрі анасы Жаңылсын Көптілеуова – құлсарылық балғын спортшыларды дзюдо күресіне баулып жүрген тәжірибелі бапкер. Оның да шәкірттері бірнеше мәрте республикалық және халықаралық жарыстарда бақ сынап, жеңісті жетістіктерге жетіп жүр.

**Әйгерім ҒАЛЫМЖАН**

## Бүгінгі санда:




* Газеттің келесі саны 30 шілде, сәрсенбі күні жарық көреді.

№29 (8181)
24 шілде,
2025 жыл

ATYRAU POLYTECHNIC HIGHER COLLEGE
NAMED AFTER SALAMAT MUKASHEV

## POLYTECH МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІН ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ!

### Неге POLYTECH?

- Заманауи техникалық білім
- Кәсіби шеберханалар мен зертханалар
- Жоғары сұранысқа ие мамандықтар
- Өндірістік тәжірибе – нақты кәсіпорындарда
- Оқудан кейін – жұмысқа орналасуға мүмкіндік
- Колледж базасында ЖОО-ға түсуге дайындық
- Гранттар мен жатақхана
- Спорттық және шығармашылық үйірмелер
- Жұмысқа орналасу 80%

### POLYTECH АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Емтихансыз қабылдау
  (Аттестаттың орташа балымен)
- Конкурстық негізде – бюджеттік орындар
- Құжат қабылдау 25 маусым - 18 тамыз аралығында egov.kz порталымен
- **Мамандық таңдау, құжаттарды дұрыс рәсімдеу және қабылдауға қатысты кеңес беру үшін арнайы консультанттар қызмет көрсетуде.**
- **Құжаттар тізімі:**
  3х4 көлеміндегі фото- 4 дана,
  №075-У мед.анықтама көшірмесі
- **Оқу мерзімі:** 2 жыл 10 ай немесе 3 жыл 10 ай

### БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙ

Атырау қаласы, М.Баймұқанов көшесі, 45
Байланыс телефоны:
8(7122)36-62-99, 8(778)265-71-72
e-mail: politcoll@mail.ru
www.politcol.kz atyraupolitechnic
atyrau_politechnic atyraupolytech

### ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

***9-сынып***

- Банк және сақтандыру ісі
- Есептеу техникасы және ақпараттық жүйелер
- Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері
- Бағдарламалық қамтамасыз ету
- Химиялық технология және өндіріс
- Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы
- Полимерлік өндіріс технологиясы
- Электрмен қамтамасыз ету
- Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану
- Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару
- Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
- Машиналар мен жабдықтарды пайдалану
- Мұнай және газ кен орындарын пайдалану
- Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау
- Төтенше жағдайда қорғау
- Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару

***11-сынып***

- Мехатроника

Лицензия №KZ14LAM00000529 Бер.күні 19.02.2025 Лицензиар «ҚР Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті»мемлекеттік мекемесі

## Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау:

«Құлсары қаласының бірінші шағын ауданындағы Махамбет даңғылы бойындағы «Арбат» құрылысы»;

«Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы Қ.Сыдиықова көшесіндегі саябақ құрылысы» жобаларына өткізіледі.

Тапсырыс беруші: «Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімінің аппараты» ММ-і. Мекен-жайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 26, БИН : 020740003121, Тел.: +7 (71237) 5-12-42;

Құжаттаманы әзірлеуші: "Метрис" ЖШС, мекен-жайы: Астана қ., Сарыарқа ауданы, көш. Күләш Байсейітова, 10/1, кв. 13, БИН: 111040015240, Тел.: +77773135145;

Ұсыныстар мен ескертулер қоғамдық тыңдау өтетін мерзім – 2025 жыл шілде айының 31-нен бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады.

Жоба бойынша құжаттама орналасуы және ұсыныстар мен ескертулер www.ndbecology.gov.kz. сайтында қабылданады.

## Общественные слушания в форме публичного обсуждения проводятся по проектам:

«Строительство "Арбата" по проспекту Махамбета в первом микрорайоне г.Кульсары»;

«Строительство парка по улице К.Сыдиыкова в г.Кульсары, Жылыойского района, Атырауской области».

Заказчик проекта – ГУ «Аппарат акима города Кульсары районного значения». Адрес: Атырауская область, Жылыойский район, город Кульсары, проспект Махамбета, 26, БИН 020740003121, Тел.: +7 (71237) 5-12-42;

Разработчик проекта – ТОО "Метрис", адрес: г. Астана, район Сарыарка, ул. Күләш Байсейітова, д. 10/1, кв. 13, БИН 111040015240, Тел.: +77773135145;

Замечания и предложения принимаются в период проведения общественных слушании в период от 31 июля в течении 5 рабочих дней 2025 г;

Размещение документации по проекту, предложения и замечания принимаются на сайте www.ndbecology.gov.kz.

Неміс есту аппараттары сатылады. Тел.: 8-701 101 05 91.

Лицензия №KZ60UBC00000788-28.07.2014 ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы.

4-ауылдан су келмеген төбе басынан, жағдайы өте жақсы, 3 бөлмелі үй (ақ тас), жаңа сарайы, гаражымен 20 млн.тг. сатылады.

**Тел.: 8-7025475377, 87753880986**




## НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 22.05.2009 жылы қайтыс болған аз. Кенже Оразгүл Нұрниязқызының атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 07.02.2022 жылы қайтыс болған аз. Аязбаева Хадишаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 21 ақпан 2025 жылы қайтыс болған аз. Сейдагалиева Айгуль Избасаровнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Ардагер – журналист, Қазақстан Журналистер Одағы мен Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қонаш Қалдыоразұлына інісі

**ДОСПАЙ ТАЛҒАТ ЖӘҢГІРХАНҰЛЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасының, ағайын – туmasының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

**«Кең Жылой» газеті редакциясының ұжымы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теңізшевройл» ЖШС 2026 жылға арналған экологиялық әсер етуге рұқсатты алу туралы арызын қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 9 қыркүйекте сағат 10:00-де, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а.о., Майкөмген а., Қарашұңғыл көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты мекен-жайы бойынша және онлайн форматта (ZOOM арқылы) өтеді.

Учаскенің географиялық координаттары: 53° 24' 36, 46° 09' 49
Әсер ету аумағының географиялық координаттары:
Оңтүстік - 53° 25' 49, 45° 51' 43
Батыс - 53° 08' 21, 46° 03' 53
Солтүстік - 53° 34' 42, 46° 20' 24
Шығыс - 53° 44' 28, 46° 13' 13
Онлайн қосылуға сілтеме:
zoom.us/j/95405424553?pwd=ISKzh3mlbeNDpjJ7VTXXIUTLRpXBl6.1
Конференция идентификаторы: 954 0542 4553
Кіру коды: 478639
Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Тенгизшевройл» ЖШС
БСН: 930440000929, бас кеңсе - Атырау қ. Сәтпаев көшесі, 3, тел.: +7 712 302 60 00

Мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері:

SED» ЖШС, Алматы қ., Наурызбай ауданы, Дархан с/о, 4А, БСН: 040840002110, тел.: +7 7272 47 23 23, факс: +7 727 338-23-74, www.sed.kz, sed@sed.kz.

Жобалық құжаттама https://hearings.ndbecology.gov.kz сайтында және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша немесе электрондық түрде мына мекен-жайға: Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz және Бірыңғай экологиялық порталда жіберуге болады.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон нөмірі арқылы алуға болады: lyab@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тенгизшевройл» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по рассмотрению Заявочного пакета на получение экологического разрешения на воздействие на 2026 год для объектов ТОО «Тенгизшевройл».

Общественные слушания состоятся 9 сентября 2025 года в 10:00 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Майкомгенский с.о., а. Майкомген, ул. Карашунгил 4, здание Дома Культуры, а также в формате онлайн (посредством ZOOM).

Географические координаты участка: 53° 24' 36, 46° 09' 49
Географические координаты территории воздействия:
Юг - 53° 25' 49, 45° 51' 43
Запад - 53° 08' 21, 46° 03' 53
Север - 53° 34' 42, 46° 20' 24
Восток - 53° 44' 28, 46° 13' 13
Ссылка на онлайн-подключение:
zoom.us/j/95405424553?pwd=ISKzh3mlbeNDpjJ7VTXXIUTLRpXBl6.1
Идентификатор конференции: 954 0542 4553
Код доступа: 478639
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тенгизшевройл»
БИН: 930440000929, головной офис - г. Атырау, ул. Сатпаева, 3. тел.: +7 712 302 60 00

Реквизиты и контактные данные разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы:

ТОО «SED»: г. Алматы, Наурызбайский р-н, с/о Дархан, уч. 4А, БИН: 040840002110, тел. +7 7272 47 2323, факс: +7 727 338 2374, www.sed.kz, sed@sed.kz.

Проектная документация размещена на сайте: https://hearings.ndbecology.gov.kz и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru.

Направить свои замечания и предложения в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в письменной или электронной форме, можно по следующему адресу: г.Атырау, ул.Айтеке би 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz и на Едином экологическом портале.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу и номеру телефона: lyab@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теңізшевройл» ЖШС жоспарланған қызметтің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдарын қамтитын (ҚОҚТ) жобаларына қатысты ТШО-ның әсер етуге экологиялық рұқсатын алуға өтінім пакетін қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 9 қыркүйегінде сағат 15:00-де, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а.о., Майкөмген а., Қарашұңғыл көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты мекен-жайы бойынша және онлайн форматта (ZOOM арқылы) өтеді.

Учаскенің географиялық координаттары: 53° 24' 36, 46° 09' 49
Әсер ету аумағының географиялық координаттары:
Оңтүстік - 53° 25' 49, 45° 51' 43
Батыс - 53° 08' 21, 46° 03' 53
Солтүстік - 53° 34' 42, 46° 20' 24
Шығыс - 53° 44' 28, 46° 13' 13.
Онлайн қосылуға сілтеме:
zoom.us/j/94881724158?pwd=5MqZrXmQgKDbKbElq9dAsgaJoL7XOy.1
Конференция идентификаторы: 948 8172 4158
Кіру коды: 031797
Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Тенгизшевройл» ЖШС
БСН: 930440000929, бас кеңсе - Атырау қ. Сәтпаев көшесі, 3, тел.: +7 712 302 60 00

Мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері:

«Poligram Atyrau» ЖШС: Атырау қ., Ақ Шағала, Ақберен к-сі, 7 үй, 6 блок, 2 пәтер. БСН: 080540000973, тел. . +7 7122 30 5137, www.poligram.kz, info@poligram.kz; «Atyrau City» ЖШС: Атырау қ., Сары Арқа мөлтек ауданы, 33-62, БСН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998; «КМГ Инжиниринг»: Атырау қ., Елорда даңғ,, 10, БСН: 180541015056, тел. + 7 7122 30 5404, факс: + 7 7122 30 5400, kmgen.kz, llp.caspimunaigas@llpcmg.kz; "Каспиймұнайгаз" ҒЖЗИ АҚ: Атырау қ., Абай к-сі, 5, БСН:011040002347, тел.:+7 7122 99 2804, факс +7 7122 99 2882, www.nipi-cmg.kz, kaspimunaigaz@cmg.kz; "WOOD KSS" ЖШС Атырау қ., Қаныш Сәтпаев к-сі, 46 үй; "Prime CAPITAL CORPORATION" ЖШС: Ақтау қ., Толқын 2 тұрғын алабы, 90/6 үй; "Терра" қашықтықтан зондтау орталығы және ГАЖ " ЖШС, Алматы қ., Көк-Төбе м., Роза Бағланова көшесі, 83 үй, тел.: +7 (727) 236-08-74, info@gis-terra.kz

Жобалық құжаттама https://hearings.ndbecology.gov.kz сайтында және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша немесе электрондық түрде мына мекен-жайға: Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz және Бірыңғай экологиялық порталда жіберуге болады.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон нөмірі арқылы алуға болады: lyab@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тенгизшевройл» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по рассмотрению Заявочного пакета на получение экологического разрешения на воздействие в отношении проектов намечаемой деятельности с материалами экологической оценки по упрощенному порядку (РООС).

Общественные слушания состоятся 9 сентября 2025 года в 15:00 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Майкомгенский с.о., а. Майкомген, ул. Карашунгил 4, здание Дома Культуры, а также в формате онлайн (посредством ZOOM).

Географические координаты участка: 53° 24' 36, 46° 09' 49
Географические координаты территории воздействия:
Юг - 53° 25' 49, 45° 51' 43
Запад - 53° 08' 21, 46° 03' 53
Север - 53° 34' 42, 46° 20' 24
Восток - 53° 44' 28, 46° 13' 13.
Ссылка на онлайн-подключение:
zoom.us/j/94881724158?pwd=5MqZrXmQgKDbKbElq9dAsgaJoL7XOy.1
Идентификатор конференции: 948 8172 4158
Код доступа: 031797
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тенгизшевройл»
БИН: 930440000929, головной офис - г. Атырау, ул. Сатпаева, 3. тел.: +7 712 302 60 00

Реквизиты и контактные данные разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы:

ТОО «Poligram Atyrau»: г.Атырау, ул. Т.Бигельдинова, 51. БИН: 060940002732, тел. +7 7122 30 5137, www.poligram.kz, info@poligram.kz; ТОО «Atyrau City»: г.Атырау, мкр. Сары Арка, 33-62, БИН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998; ТОО «КМГ Инжиниринг»: г. Атырау, пр. Елорда, 10, БИН: 180541015056, тел. + 7 7122 30 5404, факс: + 7 7122 30 5400, kmgen.kz, llp.caspimunaigas@llpcmg.kz; АО НИПИ «Каспиймунайгаз»: г. Атырау, ул.Абай, 5, БИН:011040002347, тел.:+7 7122 99 2804, факс +7 7122 99 2882, www.nipi-cmg.kz, kaspimunaigaz@cmg.kz; ТОО "WOOD KSS" г. Атырау, ул. Каныша Сатпаева, д. 46; ТОО «PRIME CAPITAL CORPORATION»: г.Актау, жилой массив Толкын 2, дом 90/6; ТОО «Центр дистанционного зондирования и ГИС «Терра» г. Алматы, м-он Кок-Тобе, ул. Розы Баглановой, дом 83, тел.: +7 (727) 236-08-74, info@gis-terra.kz.

Проектная документация размещена на сайте: https://hearings.ndbecology.gov.kz и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru.

Направить свои замечания и предложения в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в письменной или электронной форме, можно по следующему адресу: г.Атырау, ул.Айтеке би 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz и на Едином экологическом портале.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу и номеру телефона: lyab@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826